



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылдың 15 мамыр
Түркістан қаласы

№ *646*
город Туркестан

Жетісай ауданы,
«Қызғалдақ» бөбекжай-балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
қайта мемлекеттік аттестаттау
қорытындысы туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 59-бабына сәйкес және қайтадан мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша тапсырылған материалдардың негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жетісай ауданының «Қызғалдақ» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі берілген білім беру қызметін қайта мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктер жойылғаны туралы қорытындысы бекітілсін.

2. Жетісай ауданының «Қызғалдақ» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының» талаптарына сәйкес деп танылып, аттестатталсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздемесі: қайта мемлекеттік аттестаттаудың 15.05.2025 жылғы қорытындысы.

Басшының м.у.



Г. Медеубек

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
КОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ

**Түркістан облысы Жетісай ауданы білім бөлімінің
«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі мемлекеттік қайта аттестаттау нәтижелері
туралы қорытындысы**

Түркістан қаласы, 2025 жыл

**Түркістан облысы Жетісай ауданы білім бөлімінің «Қызғалдақ»
бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
мемлекеттік қайта аттестаттау нәтижелері туралы қорытындысы.**

Түркістан облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті
15 Мамыр 2025 жыл, сағат 17.00.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (*бұдан әрі – Заң*), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (*бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары*), Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2024 жылғы 24 қазандағы №1632 бұйрығымен бекітілген 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2025 жылғы 12 мамыр күнгі № 625 бұйрығы негізінде 14-16 мамыр күндері аралығында Түркістан облысының білім басқармасының Жетісай ауданының білім бөлімінің "Қызғалдақ" бөбекжай - балабақшасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қайта аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы департаменттің 12.05.2025 жылғы №625 бұйрығының қосымшасында бекітілгендей төмендегі құрамда өткізілді:

№	Комиссия құрамының Т.А.Ә.	Қызмет атқаратын білім беру ұйымының атауы	Қызметі
1	Ширманбаева Турганкул Шериевна	Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті	Бөлім басшысы, комиссия төрағасы
2	Базарбаева Гульдария Оспанбековна	Бәйдібек ауданының білім бөлімінің әдіскері	Әдіскер, комиссия мүшесі
3	Дүйсенбиева Улшат Сағымбековна	Бәйдібек ауданы білім бөлімі "Шұғыла" бөбекжай - бақшасы	Әдіскер, комиссия мүшесі

Департаменттің 12 мамыр күнгі №625 бұйрығы негізінде 14-16 мамыр күндері аралығында Түркістан облысы, Созақ ауданы «Қызғалдақ» бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік аттестаттау жүргізілген.

Нәтижесінде, Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымына бағалау жүргізу кезінде төмендегі кемшіліктер анықталған.

Кемшіліктер мен ұсыныстар:

1. Үлгілік қағидалардың 31-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйым мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі» талабына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығымен 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шартына» сәйкес жасақталған келісім шарттың көшірмелері жүктелмеген. Осы ретте, балабақша мен ата-ана арасында жаақталған келісім шарт көшірмелері ұсынылған. Алайда күн тәртібінде сағат 8:15 көрсетсе, келісім шартта қабылдау уақытымен сәйкес келмейді. **Ұсыныс** ата-аналармен немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалынған келісім шарттағы қабылдау уақытымен күн тәртібіндегі уақытпен сәйкестендіріліп ұсынылсын.

2. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін көтеру (растау) бойынша өтініш білдірмеген немесе ҰББДҚ жаңартылып жазылып көрсетілмеген (ФИО). Осылайша, Үлгілік қағидалардың 24-тармақ талабы орындалмаған. **Ұсыныс:** МДТО МЖМБС 4-тармақ 4) тармақша талабына, Үлгілік қағидалардың 24-тармақ талабына сәйкестендірілсін.

3. Үлгілік қағидалардың 7-тармағына сәйкес Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтары бойынша «Балпан» кіші тобында 25 бала бар, 5 балаға артық. **Ұсыныс:** №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 7 тармағына сәйкестендірілсін.

4. 2024-2025 оқу жылының ортаңғы, мектеп алды топтарға арналған жұмыс оқу жоспары үлгілік оқу жоспарының 2-қосымшасына сәйкес келмейді. Атап айтқанда, «Болашақ» ортаңғы және «Ақкөгершін» мектеп алды тобында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі жоспарланбаған, күн сайын деп көрсетіп тұр. **Ұсыныс:** №557 бұйрығының 1, 2, 3 – қосымшаларына үлгілік оқу жоспарына сәйкестендірілсін.

5. 2024-2025 оқу жылының ортаңғы, ересек топтарға арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесімен циклограмма-апталық жоспар балалар өмірін ұйымдастыруы сәйкес келмейді. **Ұсыныс:** №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкестендірілсін.

6. «Балапан» кіші тобында 25 бала бар, 5 балаға артық

«Болашақ» ортаңғы тобында 3 жасатағы балалар

«Ақкөгершін» ересек тобында 4 жасатағы балалар

Ұлттық білім беру дерек қорында (бұдан әрі – ҰББДҚ) іске асырылады.

«Ақ көгершін» мектеп алды топта -20 тәрбиеленуші

«Балапан» ортаңғы топта -25 тәрбиеленуші

«Болашақ» ересек топта -25 тәрбиеленуші тіркелген, Алайда өзін-өзі бағалаудағы тәрбиеленуші тізімімен жас ерекшелігімен сәйкес келмейді.

7. Балабақшаның жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады. Алайда топтық бөлмеге ұсынылатын жабдықтың бірі Интерактивті панель жоқ. **Ұсыныс:** Үлгілік қағидалардың 9 -тармағына сәйкестендірілсін.

8. Балабақшаның <https://kizgaldak.baqsha.edu.kz/> сайтына орналастырылған перспективалық жоспары мен циклограммаларына талдау жасалынды. Сол кездегі бағаланатын кезеңге бекітілген перспективалық жоспарының өтпелі тақырыптары барлық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптарымен сәйкес жоспарланған. Алайда 2024-2025 оқу жылында Балапан, Болашақ, Ақкөгершін топтарында апталық циклограммаға әдіскер тексеріп қол қоймаған. **Ұсыныс:** апталық циклограммаға әдіскер қол қойып ұсынылсын.

9. Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша ұсыныстарда бөлімдер бойынша сан және сапалық көрсеткіштерді қамтитын 1,2,3,4,5 қосымшалар жоспарланған. Осылайша 5-қосымшада Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметте «Дамытушы пазл», «Жол белгілері» және «Алан мен Дана. Ұлттық киімдер» оқу әдістемелік кітаптар жоқ. **Ұсыныс:** 5-қосымшада көрсетілген әдістемелік құралдарды ресми сайтқа ұсынсын.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.

1) **Мекеменің толық атауы:** Түркістан облысының білім басқармасының Жетісай ауданы білім бөлімінің «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (*бұдан әрі – Балабақша*);

2) **Білім беру ұйымының орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Ш.Ділдәбеков ауылдық округі, Жаңадала ауылы, Білімкөшесі №67 құрылыс БСН 141140013580

3) **Занды тұлғаның байланыс деректері:** ұялы телефоны: 87086004728 электронды поштасы kызgaldak.b.b@mail.ru вебсайт : <https://kizgaldak.baqsha.edu.kz/>

4) **Занды тұлға өкілінің байланыс деректері:** Исаева Қаракөз Қаржауовна балабақша меңгерушісі, Мақтарал ауданының 2016 жылғы №01 бұйрығымен 2015 жылдың 03 мамырдан бастап Түркістан облысының білім басқармасының Мақтарал ауданының білім бөлімінің «Қызғалдақ»

бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгерушісі лауазымына тағайындалған. Білімі орта арнаулы, педагогикалық еңбек өтілі 8 жыл, басшы лауазымындағы өтілі 8 жыл, біліктілік санаты жоқ

5) **Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:** «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалы Жетісай ауданы заңды тұлғаларды тіркеу бөлімінен 05.09.2016 жылы берілген, алғашқы тіркеу күні 17.11.2014 жыл.

БСН: 141140013580

Кәсіпорынның жарғысы Түркістан облысы әкімінің Жетісай аудандық тіркеу және кадастр бөлімі 2023 жыл. 05 желтоқсан Тіркеу № 19-288-005-018

6) Рұқсат беруші құжаттар: Мектепке дейінгі тәрбие және оқу саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламасы алғашқы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысының Білім саласындағы бақылау департаментімен 05.02.2015 жылы №KZ93XXX00005413 берілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы қайта рәсімдеу хабарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 05.02.2015 жылы №KZ93XXX00005413 берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтермен расталады.

1. «Қызғалдақ» бөбекжай-балабақшасы туралы жалпы сипаттама

Жетісай ауданында орналасқан «Қызғалдақ» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қайта мемлекеттік аттестаттау барысында ұлттық білім беру деректер қорына (ҰББДҚ) талдау жасай отырып анықталғаны:

Жетісай ауданында орналасқан «Қызғалдақ» бөбекжай-балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимараты 1 қабатты типтік, 2014 жылы 17 қарашадан бастап жұмыс жасап келеді. Су орталықтандырылған. Балабақша өрт-дабыл түймешесінің автоматты хабарлау жүйесінің, оның ішінде ішкі дыбыстық хабарлау жүйесі, ішкі және сыртқы бейнебақылау камераларымен жабдықталған. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс істейді, сағат 8.30-бастап 17.30 сағатқа дейін. Балабақша 75 орындық, 3 топ жұмыс жасайды. Әр топ 25 балаға лайықталған, қазіргі таңда 75 бала тәрбиеленеді. Жалпы педагогтар саны 6 педагог жұмыс атқарады.

2. Кадрлық құрамға талдау.

Соңғы үш оқу жылындағы кадрлар туралы барлық мәліметтер:

Көрсеткіштер	2021–2022	2022–2023	2023–2024
Штаттық педагогтер саны, нақты жұмыс істейтін:			6
Меңгеруші	-	-	1
Әдіскер	-	-	1
Тәрбиешілер	-	-	3
Психолог	-	-	
Музыка жетекші			1
Дене шынықтыру нұсқаушысы			
Қазақ тілі			
Барлығы			6

Педагогтардың санатын көтеру туралы мәліметі:

Штат қызметкерінің атауы	Жалпы ш.б	Педагог-шебер	Педагог – зерттеуші / ж.оғары санатты	Педагог – сарапшы / I санатты	Педагог – модератор / II санатты	Педагог / санатсыз
Меңгеруші						
Әдіскер						
Педагог-психолог						
Тәрбиеші						
Қазақ тілі педагогі						
Музыка жетекшісі						
Дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушысы						
робототехника						
Барлығы						6

Педагогтардың біліктілікті арттыру туралы мәліметі:

№	Штаттық қызметкері	Жалпы	Педагогикалық еңбек өтілі	"Өрлеу" БАҰО /курс атауы, тіркеу нөмірі, берілген күні/	"ТІШО" БЕДИ /курс атауы, тіркеу нөмірі, берілген күні/	Оның ішінде «Ертедамыт У институты»
1	Менгеруші				+	
2	Әдіскер			+		
3	Педагог-психолог					
4	Тәрбиеші			+		
5	Қазақтілі педагогі					
6	Музыка жетекшісі					
7	Денетәрбиесі жөніндегі					


Тәрбиеленушілер контингенті

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	«Балапан» ортаңғы топ	3 жастан бастап	20 бала
2	«Болашақ» ересек топ	4 жастан бастап	25 бала
3	«Ақкөгершін» мектеп алды топ	5 жастан бастап	25 бала
4	Барлығы		70 бала

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:

1. Күн тәртібінде сағат 8:15 көрсетсе, келісім шартта қабылдау уақытымен сәйкес келмейді. **Ұсыныс** ата-аналармен немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалынған келісім шарттағы қабылдау уақытымен күн тәртібіндегі уақытпен сәйкестендіріліп ұсынылды.



ҚОРЫТЫНДЫ: Үлгілік қағидалардың 31-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйым мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі» талабына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығымен 1-қосымшасына сәйкес келеді.

2. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін көтеру (растау)бойынша өтініш білдірмеген немесе ҰББДҚ жаңартылып жазылып көрсетілмеген (ФИО). Осылайша, Үлгілік қағидалардың 24-тармақ талабы орындалған.

3.Үлгілік қағидалардың 7-тармағына сәйкес Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтары бойынша «Балпан» кіші тобында 20 бала топтастырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: :№385бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының»7 тармағына сәйкес келеді.

4.2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары үлгілік оқу жоспарының 2-қосымшасына сәйкес Атап айтқанда, «Болашақ» ортаңғы және «Ақкөгершін» мектеп алды тобында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі жоспарланып,сағат сандары көрсетіп дәлелді құжат ұсынылды.

ҚОРЫТЫНДЫ:№557 бұйрығының 1, 2, 3 – қосымшаларына үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

5.2024-2025 оқу жылының ортаңғы, ересек топтарға арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесімен циклограмма-апталық жоспар балалар өмірін ұйымдастыруы ұсынылды.

ҚОРЫТЫНДЫ:№499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес келеді.

6. «Балапан» кіші тобында 20 бала бар,

«Болашақ» ортаңғы тобында 3 жасатағы балалар

«Ақкөгершін» ересек тобында 4 жасатағы балалар

Ұлттық білім беру дерек қорында (бұдан әрі – ҰББДҚ) іске асырылады.

«Ақ көгершін»мектеп алды топта -25 тәрбиеленуші

«Балапан» ортаңғы топта -20 тәрбиеленуші

«Болашақ»ересек топта -25 тәрбиеленуші тіркелген,өзін-өзі бағалаудағы тәрбиеленуші тізімімен жас ерекшілігімен сәйкес келеді.

7. Үлгілік қағидалардың 9 -тармағына сәйкес келеді. Топтық бөлмеге ұсынылатын жабдықтың бірі Интерактивті панель көрсетілді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Балабақшаның жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады

8. 2024-2025 оқу жылында Балапан, Болашақ, Ақкөгершін топтарында апталық циклограммаға әдіскер тексеріп қол қойған.

Қорытынды: апталық циклограммаға әдіскер қол қойып ұсынылды.

9. Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша ұсыныстарда бөлімдер бойынша сан және сапалық көрсеткіштерді қамтитын 1,2,3,4,5 қосымшалар жоспарланған. Осылайша 5-қосымшада Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметте «Дамытушы пазл», «Жол белгілері» және «Алан мен Дана. Ұлттық киімдер» оқу әдістемелік кітаптары ұсынылды.

ҚОРЫТЫНДЫ: 5-қосымшада көрсетілген әдістемелік құралдарды ресми сайтқа жүктелді.

**Жетісай ауданы, «Қызғалдақ» бөбекжай-балабақшасы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі оқу бағдарламаларын іске
асыратын білім беру қызметін бағалауға арналған өлшемшарттары**

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық біліміне сәйкес педагогикалық қайталау аяқталуы растайтын құжаттары бар педагогтердің үлесі	80 %-дан төмен	4
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	80 %-дан төмен	3
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	80 %-дан төмен	5

4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	80 %-дан төмен	3
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	80 %-дан төмен	5
7	Жастоптары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	0 %	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	80% -дан 90 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	4
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	80%-дан 90 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	4
	Жалпы ұпай		34

ҚОРЫТЫНДЫ: Қайта мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2025 жылғы 15 мамыр күнгі хаттамалық шешімі бойынша Түркістан облысы, Жетісай ауданы, «Қызғалдақ» бөбекжай- балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес деп есептелініп, **АТТЕСТАТТАЛСЫН.**

Комиссия төрағасы



Т.Ширманбаева

(қолы) (Т.А.Ә болған жағдайда)

Комиссия мүшелері:



Г. Базарбаева

(қолы) (Т.А.Ә болған жағдайда)



У. Дүйсенбиева

(қолы) (Т.А.Ә болған жағдайда)